


Келісіді
«Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі»
ММ-н басшысы
Наймушина Н.Г.



**2022 – 2023 оқу жылына Ақмола облысы Білім басқармасының
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы
Атбасар қаласының «Родничок» бөбекжайы"МКҚК-н
жылдық жұмыс жоспары**

«Бекітемін»
Ақмола облысы Білім басқармасының
Атбасар ауданы бойынша білім
бөлімінің жанындағы Атбасар қаласының
«Родничок» бөбекжайы"МКҚК-н
менгерушісі Исмагулова А.Д. 
№1 педагогикалық кеңесте бекітіді.
2 қыркүйек 2022 жыл

**Ақмола облысы Білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім
бөлімінің жанындағы Атбасар қаласының «Родничок» бөбекжайы"
МКҚК-ң педагогикалық кеңесінің
№1 шешімі**

Атбасар қ.

2 қыркүйек 2022 жыл

**Ақмола облысы Білім басқармасының
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің
жанындағы Атбасар қаласының «Родничок»
бөбекжайы" МКҚК-ң 2022 – 2023 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы**

Педагогикалық кеңес шешім етті:

1. Ақмола облысы Білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Атбасар қаласының «Родничок» бөбекжайы" МКҚК-ң 2022 – 2023 оқу жылына арналған жоспарын бекітілсін, басшылыққа алынсын.

2. Жұмыс жоспарының орындалуын бақылау Ақмола облысы Білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Атбасар қаласының «Родничок» бөбекжайы" МКҚК-ң әдіскері Б.Н. Даулбаеваға жүктелсін.

**Кеңес төрайымы, Ақмола облысы Білім
басқармасының Атбасар ауданы бойынша
білім бөлімінің жанындағы Атбасар қаласының
«Родничок» бөбекжайы" МКҚК-ң меңгерушісі**

А.Д.Исмагулова

«Родничок» бөбекжайының қызметкерлері арасында міндеттерді тарату

Исмагулова А.Д. - «Родничок» бөбекжайының меңгерушісінің қызметін атқарады. Педагогикалық кеңеспен және мектепке дейінгі білім беру кеңесімен белгіленген тәртіпте оқу жұмыс жоспарларын дайындап және бекітеді. Тәрбиеленушілердің құрамын қалыптастырып, олардың әлеуметтік қорғауын қамтамасыз етеді.

Қоғамдық педагогикалық ұйымдардың және әдістемелік бірлестіктердің қызметіне жәрдемдеседі. Балаларға қажетті медициналық қызмет көрсету және тамақтануды ұйымдастырумен, тәрбиеленушілердің және қызметкерлердің денсаулығын сақтау және нығайту үшін қажетті жағдай жасайды. Мектепке дейінгі мекеменің қаржысына және мүлігіне ие болады. Жыл сайын өкілетті органдарына құрылтайдардың қаржысының түскені және таратқаны туралы есеп береді. Оқу-материалды базасының нығайтуын, сақталуын және есептелуін; санитарлы-гигиеналық тәртібінің ережелерінің сақтауын, қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғауын іске асыруын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық кадрларды, көмекші персоналды іріктеп, кәсіби мінездемелеріне сәйкес лауазымды нұсқаулықтары дайындалады. Кадрлардың кәсіптік шеберліктерін жоғарлату үшін жағдай жасайды. Әкімшілік пен еңбекұжымының арасындағы ұжымдық келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша жұмыс жүргізеді. Қоғаммен, ұйымдармен, ата-аналармен байланыс жасайды.

Даулбаева Баянкул Нагашибаевна – бөбекжайдың әдіскері

Тәрбиешілердің кәсіптік дағдыларын, тәжірибесін есепке алумен және МБМ ішіндегі оқыту-тәрбие үрдісінің оңтайлы моделін құру мақсатымен оқыту-тәрбиелеу, әдістемелік жұмысты жоспарлайды.

Қарастырылады:

- МБМ жұмыс жоспарына ұсыныстар
 - тәрбиешілердің санатын жоғарлату
 - өзіндік оқудағы тәрбиешілерге көмек беру
 - тәрбиешілерді аттестациялау
 - әр жастағы топтар бойынша сабақ кестесін құру
 - тәрбиешілерге сабақтарды дайындауда және өткізудегі әдістемелік көмек
 - МБМ қызметкерлерінің жұмыс тәжірибесімен алмастыру
 - педагогикалық теориялар мен тәжірибенің жетістіктермен тәрбиешілерді таныстыру
 - мектеп пен МБМ арасындағы сабақтастықты дамыту
 - ата-аналармен жұмысты толық жетілдіру
 - топтарды оқу құралдарымен, ойыншықтармен кешенді ету
 - оқыту-әдістемелік және тәрбиелеу жұмысының жағдайын талдау және соның негізінде әдістемелік жұмыстың тиімділігін жоғарлату үшін нақты шаралар белгілеу
- Оқыту-тәрбиелеу, әдістемелік жұмысты ұйымдастырады:
- педагогикалық кеңестің отырыстарын дайындап, оларды жиі түрде өткізеді
 - тәрбиешілер үшін ашық сабақтар, семинарлар, жеке және топтық кеңестер, көрмелер, сайыстарды өткізеді
 - шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастырады
 - шығарылатын оқу-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттің картотекасын жүргізеді
 - тәрбиешілер арасында оқыту-әдістемелік және бала әдебиетінің кітапханасын насихаттап, оны кешенді етеді
 - тәрбиешілердің құралдар мен дидактикалық материалдарды жасау жұмысын ұйымдастырады
 - мектеппен бірігіп, іс-шаралар өткізеді
- ата-аналар үшін отбасылық тәрбие туралы стендтер, қозғалмалы папкалар дайындайды
- педагогикалық құжаттарды уақытта безендіреді

- әр түрлі мәселелер мен бағыттар бойынша педагогтардың үздік тәжірибесін жалпылайды Тәрбиешілердің жұмысын бақылайды:
 - оқыту-тәрбие жұмысының жоспарларын жүйелі түрде тексереді
 - график бойынша топтардағы сабақтарға қатысады
 - педагогикалық кеңестерде қойылған шешімдер мен жылдық жұмыс жоспарының орындалуын бақылайды
 - тәрбиеші, психолог, музыка жетекшісі және басқа да мамандардың қарым-қатынасын ұйымдастырады
 - балалардың дамуы, білімдері, дағдыларының диагностикасын жиі өткізеді
 - тәрбиешілердің өзіндік оқулары бойынша жоспарларын оқиды
- МБМ, отбасы және мектеп жұмысында өзара байланыс ұйымдастырады.

«Родничок» бөбекжайының тәрбиешілері

Сушко Ольга Гарифовна
 Некрасова Вероника Николаевна
 Турманова Анаргүль Утегеновна
 Жакенова Жадыра Сагындыковна
 Нысанбай Ляйлі Айдынқызы
 Половинко Анастасия Сергеевна
 Мырзабаева Назира Омирбековна
 Макажанова Любовь Константиновна
 Шаймерденова Самал Кайратовна
 Ошакбаева Анжела Ильясовна

Балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау Нұсқаулығының қатал талаптарына сай, мектепке дейінгі мекемеде және серуендеу алаңында оларға берген балаларға қарауды іске асырады. Балалардың денсаулығы мен өмірі үшін МБМ аймағында болған уақытта персоналды түрде жауапты болады. Бірінші дәрігерлік көмек көрсетеді. МБМ медперсоналымен бірге денсаулықты және психофизикалық дамуын нығайтатын кешенді шаралар өткізеді.

МБМ мамандарымен бірігіп, бағдарламаға сәйкес оқыту-тәрбиелеу жұмысын жоспарлап, іске асырады. Сабақтарды жүргізуге мұқият түрде дайындалады.

Балалардың жеке ерекшеліктерін және қызығушылықтарын зерттейді. Зерттеудің нәтижелерін өз педагогикалық қызметінде әр баланың тұлға ретінде дамыту мақсатымен пайдаланады. Өз тобының әр баласына құрмет пен қамқоршылықпен қарап, олармен қатынаста педагогикалық такт және ұстамдылық білдіреді.

Балалардың жеке ерекшеліктерін зерттеу нәтижесі мен психологтың нұсқаулары негізінде өз тәрбиеленушілермен дамыту-түзетушілік жұмыс жүргізеді. Өз тобында оқыту-тәрбие бағдарламасын іске асыру үшін қажетті жағдай жасайды. Ол үшін МБМ әдістемелік кабинетінің материалдарын белсенді түрде пайдаланады.

Музыка жетекшісімен бірігіп, спортты, көңіл көтеретін шаралар мен мерекелер өткізеді. Балаларды және топ бөлмесін ұйымдастырылған түрде екінші тәрбиешіге ұсынады.

Балалардың денсаулығындағы өзгерістер туралы меңгерушіге, МБМ медперсоналына, ата-аналарға уақытта хабарлайды. Медбикеге келмеген балалар туралы хабарлап, себебін анықтайды. Келу есебінің табелін жүргізеді.

Ата-аналармен МБМ жоспарланатын профилактикалық егулерді анықтайды. Ауырғаннан кейін келген балаларға ерекше назар аударады. Ата-аналармен бірігіп, үй жағдайында балалардың көңіл-күйлерін бақылайды. Жаңа түскен балаларға балабақша жағдайына бейімделуге көмектеседі. Балаларға белгіленген күн тәртібінің орындалуын қатал түрде қамтамасыз етеді.

Ұжымның жұмысымен жетектеуінде, педагогикалық кеңес жұмысында, әдістемелік ұйымдарда, кеңестер мен семинарларға қатысады. Балалармен жұмыс істеу тәжірибесін енгізеді. Әрдайым өз санатын жоғарлатып, өзіндік оқумен айналысады.

Ата-аналармен балаларды отбасы жағдайында тәрбиелеу бойынша жұмыс жүргізіп, оларды балабақшамен белсенді қатынасуға насихаттайды.

МБМ жетекшілігімен ұсынылған құжаттарды жүргізеді. Топқа бекітілген әдістемелік әдебиет, құралдар мен мүлікке құнтты қарайды. Мүліктер мен ойыншықтардың санауын жүргізеді. Тәрбиешінің көмекшісінің жұмысына жетекші болады. График бойынша қатал түрде медициналық қарау өтеді.

«Родничок» б/б тәрбиешінің көмекшілері

Кенжебекова Молдир Абылаковна

Байбосинова Гульсим Кадыровна

Щеглова Татьяна Васильевна

Арыстамбаева Ольга Кенесовна

Батышева Алия Койшыбаевна

Тәрбиешілерге оқыту-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға, балалардың дамуына, денсаулықтарын нығайтуға көмектеседі. Оларға ұсынылған балалардың денсаулығы мен өмірі үшін жауап береді.

Топтағы мүліктер мен құрал-жабдықтар үшін толық жауапты болады. Ас бөлмеден топқа тамақ әкеліп, оны балаларға беруге көмектеседі. Ыдысты жинап, жуып, балалардың жуынуы үшін су дайындайды. Үлкен жастағы балалармен бірігіп, үстелдерді безендіреді.

Тәрбиешіге балаларды шешіндіріп, киіндіруге және шынығу шараларын өткізу үшін қажетті заттарды дайындауға көмектеседі. Оларға бекітілген бөлмелердің тазалығы үшін жауап береді; топта күніне екі рет ылғалды жинастыру өткізеді. СЭС талаптарына сай ойыншықтардың, ыдыстардың санитарлы өңдеуін жүргізеді. Санитарлы тораптарын жиі түрде санитарлы өңдеу жасайды. Сүлгілердің тазалығын бақылап, кірлеген сайын ауыстырады. Тәрбиешіге балалармен гигиеналық шараларды өткізуге көмектеседі.

Төсек орындардың тыстарын 10 күнде бір рет ауыстырады. Тәрбиешіге балаларды серуенге шығарып-кіргізуге көмектеседі. Жаз мерзімінде тәрбиешімен бірігіп, серуенге учаскені дайындайды. Балаларды жүзуге үйрету сабақтарын ұйымдастыруда қатысады.

Музыка залында сабақ алдында ылғалды жинау өткізеді. Ас бөлменің қосалқы жұмысшысы жоқ болмаса, аспазшыға көмектеседі. Түскі уақытта тәрбиешінің қатысуымен өтетін өндірістік шаралар уақытында балалармен бірге болады. Кесте бойынша қатал медициналық қаралудан өтеді.

Сидяхметова Зауреш Сагумбаевна – музыка жетекшісі

Балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілердің эстетикалық дамуын және музыкалық тәрбиесін іске асырады. Мекеме жетекшісімен және аға тәрбиешімен бекітілген жоспар бойынша жұмыс істейді. Кестеге сай әдеби-музыкалық кештер, балаларға арналған мерекелер және музыкалық сабақтарды өткізеді. Олармен топта жеке жұмыс өткізеді.

Таңғы гимнастика, дене шынықтыру сабақтарын, спортты мерекелерді ұйымдастыруға қатысады. Күннің екінші жартысында балалардың ойын қызметіне қатысып, музыкалық-дидактикалық ойындар, театралды және ритмикалық ойындар өткізеді.

Педагогикалық кеңестерді, әдістемелік ұйымдарды дайындауына қатысып, өз жұмысынан тәжірибенің хабарламаларын және істеген жұмыстың нәтижелерін дайындайды. Балалармен жұмыс істеу тәжірибесіне үздік тәжірибені енгізеді. Балаларды отбасыда музыкалық тәрбиелеу бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес береді. Жылына 2-3 рет әр баланың музыкалық дамуынан деңгейлік бағасын анықтайды (диагностикалық әдістемені өзі таңдайды).

Мырзабаева Назира Омирбековна – педагог-психолог

Тәрбиеленушілердің психикалық, соматикалық, әлеуметтік саулықтың сақтауына бағытталған кәсіптік қызметті іске асырады. Балалардың құқықтық Конвенциясына сәйкес тұлғалық құқықтың қорғауына қатысады. Балалардың дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтап, әр түрлі психологиялық көмек көрсетеді (психотүзетушілік, кеңестік, оңалту)

Балаларға, ата-аналарға, педагогикалық ұжымға нақты мәселелерді шешуге көмектеседі. Алуан түрлі психологиялық диагностика өткізеді. Тәрбиеленушілердің жеке және әлеуметтік даму мәселелердегі ата-аналардың, тәрбиешілердің бағытын анықтау мақсатымен зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық нәтиже жасайды. Белгіленген түрде құжаттарды жүргізіп, белгілі мақсатпен пайдаланады. Тәрбиеленушілердің жеке және жыныстық ерекшеліктерін есепке алып, дамытушылық және түзетушілік бағдарламасының, оқыту қызметінің жоспарлауына қатысады. Дарынды балалардың дамуына көмек көрсетіп, оларға психологиялық қолдау көрсетеді. Тәрбиеленушілердің дамуындағы ауытқуларды анықтайды (ақыл-ой, физикалық, эмоционалды). Олардың психологиялық-педагогикалық түзетушілігін іске асырады. Тәрбиеленушілердің, педагогикалық қызметкерлердің, ата-аналардың психологиялық және жыныстық мәдениетін қалыптастырады. Педагогтарға психологияны пайдалану бойынша кеңес береді. Педагогтар мен ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық күзiреттiлiгiнiң жоғарлауына көмектеседі.

Макажанова Любовь Константиновна – бейнелеу өнері студиясының жетекшісі

Бейнелеу өнері студиясының (БӨС) жетекшісі әр жастағы балалармен бір немесе барлық бейнелеу өнерінің түрлерінен сабақ өткізеді (сурет, жапсыру, мүсіндеу). БӨС жетекшісі бейнелеу өнеріне қатты қызығушылық танытқан балалармен жұмысты ұйымдастырады.

БӨС жетекшісі өз жұмысын бағдарламаға сәйкес және жастарына сай ерекшеліктерін есепке алып іске асырады. Сабақтарды сабақ кестесіне орай өткізеді.

Балалармен жұмысында бейнелеу өнеріндегі белсенділігін қалыптастыру үшін әр түрлі әдістерді пайдаланады: әңгіме, бақылау, серуен және іздеушілік пен эксперименталды жұмыс. Тәрбиешілермен бірігіп, балалардың жеке ерекшеліктерін зерттеп, сабақ өткізген кезде әр баланың дамуы мен дайындығына сай әр деңгейдегі қиындықтарды тудырады. Балалармен жеке жұмыс ұйымдастырады. Балалардың бойында бейнелеу өнерінің әр түрлеріне қызығушылық тудырады.

Әр сабаққа тақырыпқа сай бейнелеу материалдарын және құралдарды дайындайды. Тәрбиешілерге көмек көрсетіп, бейнелеу өнерінен сабақ өткізу әдістемесі бойынша кеңес береді: сурет, мүсіндеу, жапсыру

Балалардың шығармашылығы дамуы үшін жағымды жағдай жасайды. Педагогикалық кеңестің жұмысына қатысады: жылына екі рет мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық дарындары бойынша педагогикалық диагностикасының нәтижелерімен өз жұмысы туралы есеп береді.

Ата-аналар мен тәрбиешілер үшін ашық сабақтар өткізеді.

Вороненко Ирина Александровна - б/б медбикесі

МБМ учаскесі мен бөлмелерінің тазалығын бақылайды. Балаларды дәрігерлік қарауға дайындап, осы қарауларға қатысады, дене массасын анықтайды, балалардың антропометриялық көрсеткіштерін түсіріп, профилактикалық егулерді істейді.

Эпидемияға қарсы санитарлы жағдайды бақылап, дәрігердің нұсқауы бойынша балаларға шынығу шараларын өткізеді. Сауықтандыру шараларын ұйымдастырып, күн тәртібінің, таңғы гимнастиканың дұрыстығын, дене шынықтыру сабақтарының және серуендердің, улану мен соғылудың алдын алу шараларының орындалуын бақылайды. Ауырған және келмеген балаларды санап, ауырып қалғандарды бөлек ұстап, оларға бақылау жасайды. Балаларды таңертен қабылдап, жұқпалы ауырулармен ауырған балалармен қатынас жасаған балалардың термометриясын жасайды.

Дезинфекциялауды ұйымдастырып, тәрбиешілермен өткізілетін күн сайынғы таңертеңгілік қабылдауды бақылайды.

Медикаменттерге, бакпрепараттарға, дезинфекциялау жабдықтарына, медициналық инструменттер мен аппаратураға мәлімдеме дайындайды.

Ата-аналар, қызметкерлер арасында санитарлық -ағарту жұмысын жүргізеді. Қызметкерлердің уақытында медициналық қаралудан өтуін бақылайды.

Медициналық құжаттарды жүргізіп, ай сайын әкімшілікпен бірге балалардың ауырған себептерін анықтап, оларды жою бойынша ұсыныстар жасайды.

Балалардың физикалық дамуы мен денсаулық мәселелеріне байланысты педагогикалық кеңестерге қатысады. Топтар бойынша және жұқпалы аурулармен ауырғандардың санау экранын жүргізеді.

Ас бөлменің қызметкерлері мен кіші персоналға нұсқаулықты ай сайын өткізеді. Ас бөлменің қызметкерлерін іріңді ауруларға тексереді. Балаларға соғылу жағдайында бірінші дәрігерлік көмек көрсетіп, жарақаттану пунктіне апарды. Ауданда эпидемиологиялық жағдайды білу үшін жақын тұрған ауруханамен әрдайым хабарласып отырады. МБМ ішінде тамақ жеу тәртібін бақылайтын адам болмаса, оның міндетін атқарады.

Шаханова Шолпан Сериковна - бөбекжайының есепшісі

Мекемедегі бухгалтерлік есепті ұйымдастырып, материалды және қаржылық қаражаттың тиімді пайдалануын бақылайды.

Бухгалтерлік есепті ұйымдастыра отырып, келесіні қамтамасыз ету керек:

- түсетін қаржының, тауарлы-материалды бағалықтардың және негізгі қаражатты толық санауы, олармен жасалынатын операциялардың барлығын бухгалтерлік есепте белгілеу
- мекеменің белгіленген ережелеріне сәйкес шаруашылық-қаржылық қызметінің нәтижелерін нақты саналуы- төлемдерді мемлекеттік бюджетке, -мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға, зейнетақы қорына және т.б. уақытта және дұрыс аудару - қаржылардың және тауарлы-материалды бағалықтардың ұрлануы бойынша заңды тұлғалардың материалды безендіруде қатысуы

- бухгалтерлік жазулар мен алғашқы құжаттардың негізінде сенімді бухгалтерлік есеп құрастыру, оны тиісті органдарына уақытта беру

- бухгалтерлік есеп пен санау негізінде, шаруа ішіндегі резервтерді және өндірістік емес шығыстарды алдын алу мақсатымен мекеменің шаруашылық-қаржылық қызметінің экономикалық талдауын жасайды.

- бухгалтерлік құжаттарды сақтап, рәсімдеп, белгіленген түрде мұрағатқа қояды.

МБМ жетекшісімен бірігіп, келесіні жұмыстарды атқарады:

- тауарлы-материалдыққұндылықтарды қабылдау мен беру, белгіленген рәсімделу ережелерін сақтайды

- жалақы қорының дұрыс жұмсалуды, лауазымдық еңбекақының, қаржылық тәртіптің және кассалық операциялардың дұрыс жасалуын бақылайды.

- төлем тапсырмаларының, шығыстардың, негізгі қорлардың, тауарлы-материалдыққұндылықтардың және қаржының дұрыс есептелуін бақылайды.

- төлем тәртібін іске асыру, дебиторлық және кредиторлық қарыздарды уақытында төлеуді жүзеге асырады.

- дебиторлық қарыздарды, бухгалтерлік жетіспейтін баланстарды есептен шығарудың заңдылығын анықтайды.

Оқу - тәрбие жұмыстарының тақырыбы:

«Білім беру салаларын интеграциялау арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жұмыс жүйесі»

Мектепке дейінгі мекемеде ұлттық деңгейде тәрбие мен білім берудің міндеттері мен мақсаттары:

Жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде білікті, жеке мәдени құзіреттіліктерді меңгерген баланы дамыту.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасының халықтарының салт –дәсүрлері негізінде салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру, денесін дамыту, баланың денсаулығы мен өмірін қорғау.

- ұлттық кеңістікті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың жеке - дара дамуын қамтамасыз ету;

- мектеп жасына дейінгі бала санасына адамдардың бойындағы оңтайлы тәртіптер мен нормаларды, өзін ұстау мәнерін, қазақ қоғамында қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлерді үлгі ете отырып, қалыптастыру.
- Отанына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді, қоршаған ортаны, отбасын, әртүрлі ұлттар өкілдерін сыйлауға тәрбиелеу.
- бала бойында өзін қоршаған әлеуметтік орта, өзі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.
- баланы танымды дамыту, зияткерлік қызметтердің ерекшеліктерін қалыптастырып, білгіштік қасиеттерін дамыту.
- бала бойына шығармашылық, көркем –тілдік, музыкалық, сурет салушылық қасиеттерін дамыту.

Атбасар қаласы «Родничок» бөбекжайындағы балаларды оқыту мен тәрбие берудің негізгі міндеттері

1. Ұлттық салт дәстүрлер негізінде салауатты өмір салтының құндылықтарын қалыптастыру, толыққанды дамыту, балалардың денсаулықтарын нығайтып, өмірлерін қорғау.

- а) антропометриялық мәліметтері мен дене даму көрсеткіштерін жазу
- б) денсаулық топтарына бөліп, дене дамуындағы кемшіліктерді түзету
- в) медико - педагогикалық бақылау
- г) күнделікті таңертеңгі жаттығуды, шынықтырушы, сауықтандырушы процедураларды, ұйымдастырылған оқу қызметіне сәйкес денешынықтыру сабақтарын өткізу
- д) балалардың денсаулықтарын нығайтуға арналған шаралар кешені, толыққанды тамақтану, С- дәрумендеу
- е) спорттық мерекелер, бос уақыттар, сауықтар, саяхаттар ұйымдастыру
- ж) ата- аналарды балалардың денсаулық жағдайлары жөніндегі диагностика нәтижесімен және даму деңгейлерімен таныстыру

2. Қазақ қоғамында қалыптасқан, халықтық салт- дәстүрлерді, өін – өзі ұстау мәнерін, нормасын балалардың бойында қалыптастыру

- а) баланың ересектермен, құрдастарымен қарым – қатынас жасау тәжірибесін байыту
- б) баланы туындаған мәселерді өз бетінше шешуге баулып, барлық тіршілік иелеріне сүйіспеншілікпен қарауға үйрету
- в) баланың жеке тұлғасын дамытуға жағдай жасау
- г) балаламен және ата-аналармен бірге ойын және еңбек ету қызметтерін ұйымдастыру

3. Тәрбиеленушілердің білімі мен біліктіліктерін жақсы қалыптастыруға мүмкіндік беретін дамытушы ортаны қалыптастырып, білім мен тәрбие беру үрдісінде әр балаға жекелей назар аударды қамтамасыз ету.

- а) педагогикалық үрдісті диагностика нәтижесі негізінде құру
- б) әрбір балаға жекелей білім беру жолдарын үйретуді дамыту -в) бала бойында өмір сүруге қажетті қасиеттерді қалыптастырып, баланы жеке тұлға ретінде дамыту мақсатында ата- аналармен және басқа да отбасының мүшелерімен қарым – қатынас жасау

№3 «Родничок» балабақшасының 2021-2022 оқу жылына әдістемелік жұмыстарының қортынды анализі

Оқу – әдістемелік жұмыстардың тақырыбы: «Денсаулық мәдениеті – балабақшада денсаулықсақтағыш ортаны қалыптастырушы фактор»

Жұмыстағы басты бағыттар:

- Инновациялық технологияларды оқып үйрену және енгізу: Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің типтік оқу бағдарламасын, «Өзін – өзі тану», «Stepbystep» технологияларын, жобалық және денсаулықсақтағыш технологияларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу;
- Педагогтардың кәсіби потенциалын дамытып, тиімді қолдану және оқыту мен тәрбиелеу әдістемесін жетілдіруде оларға жағдайлар жасау ;
- Білім беру үрдісінің нәтижелері, тәрбиеленушілердің білім алу мүмкіндіктерінің анализі ;

- Педагогтарға нақты әдістемелік көмек көрсету және жоспарлау ;
- Әдістемелік семинарлар және әдістемелік жұмыстардың басқа да түрлерін ұйымдастыру;
- Топтық бөлмелер мен пәндік кабинеттердің толтырылуын жоспарлау және анализі
- Тәрбиеленушілердің аралық диагностикасын үшін материалдарды келісу
- Озат тәжірибелерді үйрену және қорыту;
- Іс тәжірибесі аз тәрбиешілерге, жас мамандарға тәлімгерлердің жұмыстарын үлгі етіп, асихаттап, ұйымдастыру.

«Родничок» бөбекжайының 2021– 2022 оқу жылына оқу – тәрбие жұмыстарының қортындысы бойынша анализі

Оқу – әдістемелік жұмыстардың тақырыбы: «Денсаулық мәдениеті – балабақшада денсаулықсақтағыш ортаны қалыптастырушы фактор»

Жұмыстағы басты бағыттар:

- Инновациялық технологияларды оқып үйрену және енгізу: Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің типтік оқу бағдарламасын, «Өзін – өзі тану», «Stepbystep» технологияларын, жобалық және денсаулықсақтағыш технологияларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу;
- Педагогтардың кәсіби потенциалын дамытып, тиімді қолдану және оқыту мен тәрбиелеу әдістемесін жетілдіруде оларға жағдайлар жасау ;
- Білім беру үрдісінің нәтижелері, тәрбиеленушілердің білім алу мүмкіндіктерінің анализі ;
- Педагогтарға нақты әдістемелік көмек көрсету және жоспарлау ;
- Әдістемелік семинарлар және әдістемелік жұмыстардың басқа да түрлерін ұйымдастыру;
- Топтық бөлмелер мен пәндік кабинеттердің толтырылуын жоспарлау және анализі ;
- Тәрбиеленушілердің аралық диагностикасын үшін материалдарды келісу
- Озат тәжірибелерді үйрену және қорыту;
- Іс тәжірибесі аз тәрбиешілерге, жас мамандарға тәлімгерлердің жұмыстарын үлгі етіп, асихаттап, ұйымдастыру
- **2021 – 2022 оқу жылында 4 әдістемелік кеңес өткізілді:**

1. Тақырыбы: «Әдістемелік бірлестік құрамын бекіту туралы»

2. Тақырыбы: Өтүрлі қызмет түрлері арқылы балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту.

3. Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балалар бойында көркем – шығармашылық қабілеттерін дамыту.

4. Тақырыбы: «2021 – 2022 оқу жылына балабақшадағы әдістемелік бірлестік жұмыстарының анализі

2021 – 2022 оқу жылында балабақшаның тәрбиешілерінің 6 педагогикалық кеңес өткізілді:

1. Тақырыбы: «Білім және инновация. Жаңа оқу жылының ерекшеліктері"»

2. Тақырыбы: "Ақмола облысы Білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Атбасар қаласының "Родничок" бөбекжайы "МКҚК өзін-өзі бағалауды дайындау және өткізу туралы"

3. Тақырыбы: «2 мен 6 жасар балаларды оқыту барысында ойын технологияларының әдіс – тәсілдерін қолдану»

4. Тақырыбы: "Ақмола облысы Білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Атбасар қаласының "Родничок" бөбекжайы "МКҚК өзін-өзі бағалаудың қортындысы туралы"

5. Тақырыбы: «Денешынықтыру – сауықтандыру жүйесі арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту.

6. Тақырыбы: «Оқу жылының міндеттерінің орындалуын бағалу: «ҚР Тілдер туралы», «Білім туралы» Зандардың, МЖБС, Оқыту мен тәрбие беру бағдарламаларын жүзеге асырылуы»

Кадрлық құрамның анализі

Педагогикалық ұжым 17 педагогтен құрылған.

Жоғары білімділер -7 (41.1%).

Жоғары кәсіби білімді -0

Арнаулы орта білімді – 10 (58.9%),

Оның ішінде мектепке дейінгі білімі барлар – 6 педагог (35.2%).

Қосымша мамандар:

БӨ бойынша үйірме жұмысының мұғалімі – 1- 1 жүк., арн. орта.

Қазақ тілі мұғалімі – 0,5 жүктеме, жоғары

Әдіскер – 1; 0,5 ст., жоғары

Сауықтандыру жұмыстары жөніндегі медбике – 1; 0,5 жүк., арн. орта.,

2021 – 2022 оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтті: - 4 педагог (23.5%).

Оның ішінде тәрбиешілер – 2

Қазақ тілі мұғалімі – 1

Меңгеруші – 1

Педагог қызметкерлерді аттестаттау

Жаңа форматтағы біліктілік санаттары бар – 6 педагог (35,3%).

«Педагог- сарапшы» - 3

«Педагог- модератор» - 3

Без категории – 11(64,7 %).

Біліктілік санаттары бар – 6 - (35,3%).

Жоғары санат - 2

Бірінші санат – 3

Екінші санат – 1

Санаты жоқ – 11(64,7 %).

Қосымша мамандар:

Әдіскер – 1, екінші санат

БӨ бойынша үйірме жұмысының мұғалімі – «Педагог- модератор»

2021 – 2022 аттестаттаудан өтті: - 4 педагог (23.5%).

«Педагог – сарапшы» санаты - Половинко А.С., тәрбиеші

«Педагог – модератор» санаты - Ошакбаева А.И., тәрбиеші

«Педагог – модератор» санаты - Мырзабаева Н.О., педагог - психолог

«Педагог – модератор» санаты - Макажанова Л.К., бейнелеу өнері жетекшісі

2021 – 2022 оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтті: –

4 педагог (23.5%).

Оның ішінде тәрбиешілер – 2

Қазақ тілі мұғалімі – 1

меңгеруші –

2021-2022 оқу жылына аудандық, облыстық және республикалық конкурстарға, семинарларға, конференцияларға қатысу

	Конкурстар	Қатысушылар	Жүлделі орындар
1	Б. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған "Даланың алып қонырауы" мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына арналған педагогикалық оқулар	2021ж. Мырзабаева Н.О. тәрбиеші	
2	Челлендж выразительного чтения стихов,	10.09.2021ж.	Алғыс хат

	сказов, рассказов «Ана тілің - арың бұл» с участием педагогов, детей и родителей		
3	Қазақ халық поэзиясының көрнекті қайраткері, поэтикалық сөз шебері, жырау, жыршы ж. Жабаеттың туғанына 175 жыл толуына арналған "Туған Жер кеңістігінде" атты поэзиялық туындыларды мәнерлеп оқудың аудандық байқауы	с 18.10. по 25.10.2021г. Батова Алана – ересектер тобы	I дәрежелі Диплом
4	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған республикалық байқау. "Мектепке дейінгі білім беру ұйымының үздік педагогы"	2021ж. Ошакбаева А.И. тәрбиеші	Сертификат
5	"Оқитын отбасы-оқитын ел" атты аудандық бейне сайыс	Лутошкина Аня-мектепалды тобы	1 место
6	"Тәуелсіздік-ел тұғыры" атты аудандық мәнерлеп оқу сайысы	Каримова Адия-	1 место
7	Лучший интернет конкурс		2 место
8	"Qazaq Qogam" қоғамдық қорының қолдауымен.Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған "Менің Тәуелсіз елім - Қазақстан" тақырыбындағы республикалық онлайн конкурс аясында.	Половинко А.С.- тәрбиеші	Алғыс хат
9	"Qazaq Qogam" қоғамдық қорының қолдауымен.Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған "Менің Тәуелсіз елім - Қазақстан" тақырыбындағы республикалық онлайн конкурс аясында.	Трегуб Матвей ортаңғы тобы жетекшісі: Половинко А.С.-	I дәрежелі Диплом
10	"USTAZ joly" ғылыми-әдістемелік орталығы өткізетін "тәуелсіздікке 30 жыл" I республикалық байқауы	Половинко А.С.- тәрбиеші	Алғыс хат
11	"USTAZ joly" ғылыми-әдістемелік орталығы өткізетін "тәуелсіздікке 30 жыл" I республикалық байқауы	номинация: Сурет салу Гордейчук Матвей ортаңғы тобы жетекшісі: Половинко А.С.- тәрбиеші	Диплом
12	"USTAZ joly" ғылыми-әдістемелік орталығы өткізетін "тәуелсіздікке 30 жыл" I республикалық байқауы	номинация: Сурет салу Корбов Матвей ортаңғы тобы жетекшісі: Половинко А.С.- тәрбиеші	Сертификат
13	"USTAZ joly" ғылыми-әдістемелік орталығы өткізетін "тәуелсіздікке 30 жыл" I республикалық байқауы	номинация: рисунок Амралиной Гауһар ортаңғы тобы жетекшісі: Половинко А.С.- тәрбиеші	Сертификат
		2022ж.	

1 4	Атбасар ауданының мектепке дейінгі мекемелері арасында "ТТ Театр Творчество Таланты" балалар театр ұжымдарының аудандық байқауы	ҚОйылымның атауы - «Дюймовочка», қойылымның жетекшілері: барлық тәрбиешілер	2 место
1 5	Наурыз мейрамын мерекелеуге арналған" Шымырлық пен шеберлік күні " аясында "Ханталапай" ұлттық ойындар облыстық конкурсының аудандық кезеңі	жауаптылар: Жакенова Ж.С., Турманова А.У.	2 орын
1 7	Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының жұмыс тәжірибесінен "Сурет салудың заманауи дәстүрлі емес әдістері" аудандық мастер – класс	қатысушы: БӨ жетекшісі Макажанова Л.К.	2 орын
1 8	"Ustaz joly" ғылыми - әдістемелік орталығы өткізетін "8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні"II республикалық байқауы	Половинко А.С.- тәрбиеші	Алғыс хат
1 9	"Ustaz joly" ғылыми - әдістемелік орталығы өткізетін "8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні"II республикалық байқауы	номинация: «Рукоделие» Коробов Максим – ортаңғы тобы жетекшісі: Половинко А.С.- тәрбиеші	Диплом
2 0	"Ustaz joly" ғылыми - әдістемелік орталығы өткізетін "8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні"II республикалық байқауы	Коробов Максим – – ортаңғы тобы жетекшісі: Половинко А.С.- тәрбиеші	Сертификат
2 1	"Әсем Көктем" тақырыбындағы республикалық онлайн конкурс	Половинко А.С.- воспитатель	Алғыс хат
2 2	"Әсем Көктем" тақырыбындағы республикалық онлайн конкурс	номинация: Сурет салу Арсланбекова Адема ортаңғы тобы	I дәрежелі Диплом
2 3	"Әсем Көктем" тақырыбындағы республикалық онлайн конкурс	номинация: Сурет салу Исюк Александр – ортаңғы тобы	II дәрежелі Диплом
2 4	"Ustaz joly "ғылыми-әдістемелік орталығы өткізетін" Ұлы Жеңістің батырлары " II республикалық байқауы	Половинко А.С.- тәрбиешісі	Алғыс хат
2 5	"Ustaz joly "ғылыми-әдістемелік орталығы өткізетін" Ұлы Жеңістің батырлары " II республикалық байқауы	номинация: «Рукоделие» Коробов Максим ортаңғы тобы жетекшісі: Половинко А.С	Диплом
2 6	"Ustaz joly "ғылыми-әдістемелік орталығы өткізетін" Ұлы Жеңістің батырлары " II республикалық байқауы	Коробов Максим ортаңғы тобы жетекшісі: Половинко А.	Сертификат
2 7	Республикалық «Өрлеу» педагогикалық шеберлікті дамыту орталығы ұйымдастыруымен және «MediaBilim» Республикалық ақпараттың қолдауымен өткізілген «Үздік педагог -2022» байқауы	Руспекова А.А.-логопед	I дәрежелі Диплом

2021 -2022 оқу жылына «Родничок» бөбекжайындағы балалардың күзiреттi даму мониторингi бойынша бастапқы, аралық және қортынды мониторингтерi

Образовательная область	Бастапқы	Аралық	Қортынды
I - деңгей	29%	12%	2%
II - деңгей	58%	64%	43%
III - деңгей	13%	24%	55%

Мәліметтік ресурстары мен кітапхана қоры

Балабақшаның Веб – сайты және электрондық адресі бар

Жалпы кітапханалық қоры - 225 дана

Материалды-техникалық база:
2021жылдың бірінші жарты жылдығында келесі жұмыстар жүргізілді:
1.Коронавирус пандемиясына байланысты және СЭС қаулысы
дезинфекциялық құралдар сатып алынды:
Дезинфицирующие ср-ва для поверхности "Чистокрилл" на сумму 19500тенге
Ср-во дезинфицирующее антисептическое д/рук "Изосепт" на сумму-26000тенге
Дозаторы для мыла и антисептика на сумму- 22400тенге
Ср-во дезинфицирующее антисептическое д/рук "Зия" на сумму-28050 тенге
2. Ағымдағы жөндеу жүргізу үшін сатып алынды
Приобретена краска для внутренних работ на сумму-90204 т
Колер желтой,зеленой,голубой на сумму-2590 тенге.
Затирка д/швов белая -5700 тенге
Выведена на кухне канализация на сумму-8200 тенге.
Частичный ремонт крыши над подготовительной группы на сумму-12800 тенге.
Преобритены моющие средства на сумму-36000тенге
2021 жылдың екінші жартыжылдығында келесі жұмыстар жүргізілді:
Пылесосы -155232 т
Электрокомфорки – 164 400 тг
Водонагреватель – 51 300
Радиатор отопления – 58 280 тг
Машина посудомоечная – 557 648 тг
Хоз мыло, фери – 24 910 тг
Изогвление пандуса – 240 000 тг.
Прибор учета тепловой энергии – 680 000 тг.
Пылесосы -155232 т
Электрокомфорки – 164 400 тг
Водонагреватель – 51 300
Радиатор отопления – 58 280 тг
Машина посудомоечная – 557 648 тг
Хоз мыло, фери – 24 910 тг

Әдістемелік әдебиеттер саны

Әдістемелік әдебиеттің саны Жалпы кітапхана - қоры 2021 жылдың –1 және 2 жарты жылдығына 108.661 мың теңгеге жазылды

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңын және 2020-2025 жылдардағы Қазақстан Республикасында тілдерді қалыптастыру және Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша шаралар

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев болашақта өз халқының әлем тілдерінің бірлестігін жетік білетініне сенімді «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасы бүгінгі күнге Қазақстанның білім беруінде басымды бағыттардың бірі болып табылады.

Әр баланың туғаннан өз ұлты бар – ол бірегей және өте жақсы!

Сондықтан біздің алдымызда келесі міндет тұрады: ұлттық психологиясы бар, әлемдік білім беру кеңістігіне бағытталған, күзиретті білім беру моделі арқылы саяси – мәдени тұлғаны тәрбиелеу.

№3 «Родничок» балабақшасында тізім бойынша 170 бала тәрбиеленіп, оқытылады.

Оқытылатын тілдер – қазақ, орыс және ағылшын.

№3 «Родничок» балабақшасында 5 топ бар.

Тізім бойынша бала саны – 120

2 топ мемлекеттік тілде білім мен тәрбие береді.

Мемлекеттік тілде оқитын ересектер тобында – 25 бала

Қазақтар - 24 бала

Орыстар – 0 бала

Басқа ұлт балалары – 1 бала

Мемлекеттік тілде оқитын ортаңғы тобында - 25 бала

Қазақтар –13 бала

Орыстар – 6 бала

Басқа ұлт балалары – 6 бала

3 топ орыс тілінде білім мен тәрбие алады

Кіші топ – 20 бала

Орыстар - 10 бала

Қазақтар – 10 бала

Ересектер тобы – 25 бала

Орыстар - 15 бала

Қазақтар – 4 бала

Басқа ұлт балалары –6 бала

Мектепалды даярлық тобы – 25 бала

Орыстар -12

Қазақтар – 6

Басқа ұлт балалары – 7 бала

Ұлт бойынша балабақшадағы балалар саны: 120

Қазақтар – 71 бала

Орыстар – 35 бала

Басқа ұлт балалары- 14 бала

Қазақ тілін білетін педагогикалық кадрлар таңдаудан өткізіледі.

Мемлекеттік тілді оқыту бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі барлық жастағы топтарда өткізіледі.

Ортаңғы топта балаларды оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Тәрбиешілер Нысанбай Л.А., Шаймерденова С.К.

Орыс тілінде білім алатын кіші тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметтерінің барлық түрлерінде билингвалді компонент қоданылады.

Орыс тілінде оқитын ересектер мен мектепке даярлық топтарында мемлекеттік тілді сабақ жүргізіледі. Мемлекеттік тілде білім беру мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің Мемлекеттік жалпыға міндетті, білім стандартына және жұмыс оқу жоспарының талаптарына сәйкес жүргізіледі. Қазақ тілі мұғалімі Даулбаева Баянкул Нағашабаевна мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің Үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін жетістіктермен жүзеге асыруда. Мектепалды тобында қазақ тілі аптасына 2 рет, ал ересектер тобында аптасына 1 рет жүргізіледі. Мұғалімде ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары мен сабақтарының конспектісі 1 жылға жазылған.

Сабақтарды жоспарлау Нұсқаулықты – әдістемелік хатқа сәйкес жүргізіледі. Қазақ тілі мұғалімі сабақтарында инновациялық технологияларды белсенді қолданады. 2019 жылы Мектепке дейінгі мекемедегі қазақ тілі мұғалімдері арасында өтетін «Үздік қазақ тілі оқытушысы» конкурсына қатысып I орынды иеленді.

2019 жылы аудандық «Балғын шақ» конкурсына ересектер тобының тәрбиеленушісі Утегенов Нұрисламды дайындап, тәрбиеленушісі I орынды иеленді. Жыл сайын арақашықтықтағы білімдік сайттарға қазақ тілінен материалдар жариялап тұрады.

2020 жылы аудандық балалардың театрланған «Сказочный дождь» конкурсында «Ұйқыдығы сұлу - Наурыз» қойылымы үшін 2 место.

2020 жылы мемлекеттік тілдегі аудандық мәнерлеп оқу «Тәуелсіздік ел тұғыры» конкурсында бөбекжай тәрбиеленушілері 2-3 орындарды иеленді.

2021 облыстық «Қазақшаң қалай балақай?» конкурсында мектепке дейінгі балалармен қазақ тілі сабағы өткізіліп, III орын иелендік.

2021 жылы мектепке дейінгі мекемелердегі қазақ тілі мұғалімдері арасында «Мемлекеттік тілді оқып – үйрену бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбындағы **аудандық** мастер – класста I орын.

2021 жылы мектепке дейінгі мекемелердегі қазақ тілі мұғалімдері арасында «Мемлекеттік тілді оқып – үйрену бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбындағы **облыстық** мастер – класста III орын.

2021 жылы қазақ тілі мұғалімі Даулбаева Б.Н., аудандық «Үздік педагог - 2021» конкурсына қатысып, Гран – при иеленді.

Даулбаева Б.Н., «Үздік педагог - 2021» облыстық конкурсына қатысып, «Шығармашыл педагог» номинациясын иеленді. Балабақшаның ересектер тобында сабақтар мемлекеттік тілде өтеді. Сабақтарды Жакенова Ж.С. және Турманова А.У. тәрбиешілер жүргізеді.

Педагогтердің бір жылға перспективалық жоспарлары мен сабақтарының конспектілері бар.

Педагогтар сабақта демонстрациялық материалдар мен ТСО мен әліппе – дәптерлерді, сонымен қатар әртүрлі дидактикалық және сөздік ойындарды қолданады.

Өз қызметінде педагогтар Қазақстан Республикасының «ҚР Тілдер туралы» Заңын, 2020-2025 жылдарда тілдерді қалыптастыру мен дамыту жөніндегі

Мемлекеттік бағдарламасын, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің Үлгілік оқу бағдарламасын, әдістемелік нұсқаулықтарын басшылыққа алады.

Балабақшаның педагогтары ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізген кезде мемлекеттік тілде билингвалды компонентті кеңінен қолданады. Ертеңгіліктер, сауықтар, мерекелер өткізу барысында, тақпақтар мен әндерді де мемлекеттік тілде орындайды.

Балалардың мемлекеттік тілді меңгерулері бойынша мониторинг өткізген кезде балаларда бірнеше тақырыптар бойынша сөздік қор қалыптасып, балалар 4-6 сөзден құйрған сөйлемдер мен әңгімелерді айтып, көптеген тақпақтар мен мақал – мәтелдер білетіндіктерін байқатты.

Мемлекеттік тілде өткен конкурса балалар қатысып, жетістіктерге жетуі мемлекеттік тілді меңгерулерінің жоғары деңгейде екенін көрсетуде. Ересектертобының балалары «Жаса, Қазақстан!» атты патриоттық әндер конкурсына қатысып, 2 орынды иеленді. Балабақша педагогтері мен тәрбиеленушілері 2020-2021 оқу жылы Республикалық және Халықаралық білімдік сайттың экспресс – конкурсына, облыстық «Ханталапай» конкурсына белсене қатысуда. «Мың бала» жобасы бойынша да жұмыстар жалғасуда.

Өз қызметтерінде педагогтер Республикалық «Мектепке дейінгі балалық» орталық орталығының нұсқаулықтарымен, әріптестерінің іс – тәжірибесін басшылыққа алады. Қазақ тілі мұғалімі өз іс – тәжірибесін «Ойнаймыз да ойлаймыз!» бағдарламасында бейнелеген.

2021 жыл Б.Н. Даублаева және Мақажанова Л.К., педагогтер аудан деңгейінде іс – тәжірибелерін қорытып, сертификат алды.

2022 жыл Половинко А.С., педагог аудан деңгейінде іс – тәжірибелерін қорытып, сертификат алды.

Оқу жылы бойынша үш рет балалардың құзіретті даму мониторингі жүйесі бойынша бастапқа, аралық, қортынды мониторингтер жүргізіледі.

Білімдік сала - «Қатынас», бөлімі – мемлекеттік тіл. Әрбір балаға бақылау, жобалу парақтары, баланың жеке даму картасы толтырылған. ҚР «Тілдер туралы» Заңын орындауға байланысты өткен тақырыптық тексеріс барысында мемлекеттік тіл бойынша келесі білім деңгейлері анықталды:

Балалардың құзіретті дамудың көрсеткіштері (бастапқы мониторинг)

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Мемлекеттік тіл және байланыстырып сөйлеу. Бақыланған: 120 бала

№	Топтың атаулары (жасаралық топтардың аттарын көрсету)	Онда балалар	Қалыптасқан біліктіліктері (%)		
			Тілдік – қатынастық біліктілік		
			I	II	III
1.	«Айналайын» (кіші тобы)	20	5-25 %	15 -75%	-
2.	«Балапан» (ортаңғы тобы)	25	8 - 32%	14 - 56%	3 –12%
3.	«Айгөлек» (ересектер тобы)	25	11-44%	14 -56%	0
4.	«Күншуақ» (мем. тілде оқитын ортаңғы тобы)	25	9- 36 %	13– 52 %	3 – 12 %
5.	«Дарын» (мектепаллды тобы)	25	14 - 56%	11 – 44%	0
	Барлығы:	120	47-39%	67-56%	6-5%

Балалардың құзіретті дамудың көрсеткіштері (аралық мониторинг)

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Мемлекеттік тіл және байланыстырып сөйлеу

Бақыланған: 120 бала

№	Топтың атаулары (жасаралық топтардың аттарын көрсету)	Онда балалар	Қалыптасқан біліктіліктері (%)		
			Тілдік – қатынастық біліктілік		
			I	II	III
1.	«Айналайын» (кіші тобы)	20	=	15 -75%	5-25 %
2.	«Балапан» (ортаңғы тобы)	25	7 - 28%	12 - 48%	6 –24%
3.	«Айгөлек» (ересектер тобы)	25	3- 12 %	14 -64%	6-24%
4.	«Күншуақ» (мем. тілде оқитын ортаңғы тобы)	25	6- 24 %	13– 52 %	6 – 24 %
5.	«Дарын» (мектепаллды тобы)	25	2 - 8%	20 -80%	3 -12%

Барлығы:	120	19-16%	74-62%	26-22%
----------	-----	--------	--------	--------

Балалардың құзіретті дамудың көрсеткіштері (қортынды мониторинг)

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Мемлекеттік тіл және байланыстырып сөйлеу

Бақыланған: 120 бала

	Топтың атаулары (жасаралық топтардың аттарын көрсету)	Онда балал ар	Қалыптасқан біліктіліктері (%)		
			Тілдік – қатынастық біліктілік		
			I	II	III
1.	«Айналайын» (кіші тобы)	20	-	13 – 65%	7 – 53%
2.	«Балапан» (ортаңғы тобы)	25	-	18 – 72%	7 – 28%
3.	«Айгөлек» (ересектер тобы)	25	2-8%	17-68%	6-24%
4.	«Күншуақ» (мем. тілде оқитын ересектер тобы)	25		7-28%	18-72%
5.	«Дарын» (мектепаллды тобы)	25	2ч - 8 %	18ч- 72%	5ч.-20%
	Барлығы:	120	4ч – 3%	73ч-61%	43ч-35%

Әрбір топтың Кітаптар орталығында мемлекеттік тілдегі көркем әдебиетер бар. Перспективалық жоспар, циклограмма, технологиялық карта, ата-аналар туралы мәліметтер, балалардың балабақшаға келіп – кету табелі екі тілде жазылады.

Балабақшада қызметкерлер мемлекеттік тілді меңгерулері бойынша үйірме жұмыс істейді. Сабақты Тілдер орталығының келісімі бойынша Даулбаева Баянкул Нагашибаевна жүргізеді.

Әрбір топта ата-аналарға арналған мемлекеттік тілде рәсімделген стендтер бар. Ол стендтерді күн тәртібі, сабақ кестесі, «Білім туралы», «Тіл туралы» ҚР Зандарының баптары жазылған.

Жыл сайын «Отбасы және балабақша», «Бала мен балабақша», «Қазақ тілін үйренейік», «Мектепке дейінгі білім», «Ребенок в детском саду», на газеті «Арқа ажары», «Дала мен қала», «Егемен Қазақстан», « Қазақстан мұғалімі» газет – журналдарына жазылу жұмыстары жалғасын табууда.

Қазақ тілі мен ағылшын тілі мұғалімдері және мемлекеттік тілде оқитын топтардың тәрбиешілері ашық сабақтар мен шаралар өткізіп, Тілдер онкүндігіне, мектепке дейінгі мекеменің онкүндігіне, аудандық семинарларға, педагогикалық оқуларға, әндік конкурстарға қатысады.

Қазақ тілінен ашық сабақ өткізгендер:

1.Қазақ тілі мұғалімі Даулбаева Баянкул Тілдер күніне: «Тіл –ел тірегі»тақырыбына ашық сабақ өткізсе, Мемлекеттік тілде оқитын топтың тәрбиеші А.У. Турманова мен

Ж.С. Жакенова «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз!» және «Достық мерекесі» тақырыптарына тілде оқитын естиярлар тобында ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізсе, мемлекеттік тілде оқитын ортаңғы топтың тәрбиешісі А.В.Киекбаева тіл дамытудан «Қазақстанның Елордасы – Нұр- Сұлтан» тақырыбына ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді.

2. ҚР «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Заңды орындау барысында мемлекеттік тілде оқитын естиярлар тобының тәрбиешілері Ж.С.Жакенова көркем әдебиет пәні бойынша «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері- ұлтымыздың мақтанышы» және сәбилер тобының тәрбиешілері қоршаған әлеммен танысу бойынша «Қазақстан-Республикасының рәміздері!» тақырыптар бойынша сабақтар өткізді. Ересектер тобының тәрбиешілері қоршаған ортамен танысу пәні бойынша «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері-менің мақтанышым» және естиярлар тобының тәрбиешілері «Қазақстан Республикасының рәміздері күні» тақырыптары бойынша сабақтар өткізді.

3.ҚР Тұңғыш Президент күнін тойлау барысында ересектер тобының тәрбиешілері

«Қазақстан Республикам менің» тақырыбына ашық сабақ өткізді.

4.ҚР Тәуелсіздік күнін мерекелеу қарсаңында қазақ тілі мұғалімі «Ұлттық мұра - қазынам» тақырыбына ашық сабақ көрсетті. Ересектер тобының тәрбиешісі А.И.Ошакбаева «Қазақ халқының ұлттық ойындары» тақырыбына ашық сабақ өткізсе, мемлекеттік тілде оқитын ересектер тобының тәрбиешісі Ж.С. Жакенова мен А.У. Турманова «Менің сүйікті қалам және Елордам Нұр - Сұлтан» тақырыбына, кіші және естиярлар тобының тәрбиешілері «День Независимости Республики Казахстан», «Алматы мен Нұр - Сұлтанға саяхат» тақырыптарына ашық сабақтар өткізді.

5.Жыл сайын балабақшаның тәрбиешілері мен педагогтері Республикалық, Халықаралық білімдік сайттардың экпресс – конкурстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Ұсыныстар:

1. Қазақстан Республикасының «ҚР Тіл туралы» Заңын орындап, 2020-2025 жылдарда тілдерді қалыптастыру мен дамыту жөніндегі Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын. Шаралар жоспары құрылсын.

